

Контрабандалық тауарлардың Қазақстан Республикасына әкелінуін және Қазақстан Республикасынан әкетілуін болдырмау және оған мемлекеттік бақылауды күшейту жөнінде

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1998 жылғы 18 маусым N 115-ө
Контрабандалық тауарлардың Қазақстан Республикасына әкелінуін және Қазақстан Республикасынан әкетілуін болдырмау және оған мемлекеттік бақылауды күшейту
м а қ с а т ы н д а :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кеден комитеті, Ішкі істер министрлігі облыстар әкімдерінің қатысуымен контрабандалық тауарларды Қазақстан Республикасына әкелу және Қазақстан Республикасынан әкету маршруттарын анықтау жөнінде пәрменді шаралар қабылдасын, бұл ретте жанар-жағар материалдарының әкелінуі мен әкетілуіне айрықша көңіл бөлсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті жанар-жағар материалдарды сатумен айналысатын ұйымдардың қызметіне жанар-жағар материалдарды сату үшін салынатын салықтардың есептелуі мен аударылуының дұрыстығы тұрғысында заңдарда көзделген тиісті бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Қаржы министрлігінің Салық полициясы комитеті, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жанар-жағар материалдарды тиісті рұқсат құжаттарының сатуға жол бермеу және заңдарда көзделген жауаптылыққа тарту жөнінде шаралар қ а б ы л д а с ы н .

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кеден комитеті қажет болған жағдайда жұмыс істеп тұрған кеден посттарын нығайтуға және қосымша посттар құруға бағытталған шараларды қаржыландыруға қаражат бөлу туралы белгіленген тәртіппен ұ с ы н ы с т а р е н г і з с і н .

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жұмыс істеп тұрған кеден посттарын нығайтуға және қосымша посттар құруға бағытталған шараларды қаржыландыруды жүзеге асырсын.

6. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С.Павловқа жүктелсін.

Премьер-Министр

Оқығандар:
Қобдалиева Н.

Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ